

Тілі бірдің – тілегі бір

Мереке барысында тіл жанашырлары марапатқа ие болды

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай Меңдіқара ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығы мен аудандық «Юбилейный» мәдениет үйі бірлесіп «Тілі бірдің – тілегі бір» атты фестиваль ұйымдастырды.

Аталмыш іс-шараға мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, бүгінгі таңда тілдің нағыз жанашырларына айналған этнос өкілдері қатысты.

Тілімізге құрмет көрсетіліп, тілдер мерекесі аясында өткізілген жиынға Меңдіқара аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Есет Көбеков қатысып,

баршаны біріктіріп, алысты жақындастырып, татулықтың кілтіне айналған қазақ тілінің жанашырларына ақжарма тілегін білдіріп, мағыналы іс-шараның ұйымдастырушылары мен қатысушыларына шексіз алғысын білдірді.

Тіл – адамдардың қарым-қатынас

құралы десек, аталмыш фестивальдің де мақсаты – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, мәртебесін көтеру және маңыздылығын кеңінен насихаттау, мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдерін ынталандыру, өңірдегі түрлі этностардың ана тілдерін дамытуға қолдау көрсету.

Тілегі ортақ, тілі бір нағыз тіл жанашырлары жиналған іс-шарада марапаттау рәсімі де өткізілді. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытындағы белсенділігі үшін өңірдегі тіл жанашырлары және қазақ тілін еркін сөйлей алатын, тілге ерекше құрмет көрсете білген өзге ұлт өкілдері

аудан әкімі Нұрлан Қатарбековтің Алғыс хатымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Марапатқа ие болғандар қатарынан Первомай орта мектебінің тәрбиешісі Севинч Адыгезалова, Первомай орта мектебінің мұғалімі Наталья Богданова, К.Дөненбаева



Тілдер күніне орай тіл жанашырлары марапатталды

атындағы Боровской кәсіптік-техникалық колледжінің мұғалімі Вадим Гилязов, Степанов-ка ауылының тұрғыны Эльнара Мустафаева, аудандық кітапхананың әдіскері Люция Раимбекова, Каменорал жалпы білім беру мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Евгения Тягунова, Первомай орта мектебінің мұғалімі Екатерина Коновалова, орталық балалар кітапханасының кітапханашысы Наталья Ульрих, Первомай орта мектебінің мұғалімі Вера Дивель, аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Юлия Митрахова көрінді.

Мағынасы терең, мақсаты айқын іс-шараның өтуі халқымыздың достығының белгісі. Оны өткен іс-шарадан анық аңғаруға болады. Тіліміздің мәртебесін арттыруға бір тамшы болса да үлес қосқан тіл жанашырларының еңбектері жанып, қуаныштары еселене берсін. Қазақстан халқы тілдері күні құтты болсын!